

Жеңілдікті салық салынатын мемлекеттер тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 142 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 21 ақпанда № 16404 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 қыркүйектегі № 492 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 12.09.2025 № 492 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 294-бабы 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған жеңілдікті салық салынатын мемлекеттер тізбесі бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық және кеден заңнамасы департаменті (Ж. Д. Іңкәрбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбек он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жеңілдікті салық салынатын мемлекеттер тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 25.09.2020 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2022 № 1215 (01.12.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1. Андorra Княздығы.
2. Антигуа және Барбуда.
3. Багам аралдары Достастығы.
4. Барбадос.
5. Бахрейн Корольдігі.
6. Белиз.
7. Бруней Даруссалам Сұлтанаты.
8. Вануату Республикасы.
9. Гайана Кооператив Республикасы.
10. Гватемала Республикасы.
11. Гренада.
12. Джибути Республикасы.
13. Доминика Республикасы.
14. Доминика Достастығы.
15. Испания Корольдігі (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана).
16. Қытай Халық Республикасы (Аомынь (Макао) және Сянган (Гонконг) арнайы әкімшілік аудандарының аумақтары бөлігінде ғана).
17. Колумбия Республикасы.
18. Ислам Федеральдық Республикасы Комор аралдары.
19. Коста-Рика Республикасы.
20. Малайзия (Лабуан анклав аумағы бөлігінде ғана).
21. Либерия Республикасы.
22. Ливан Республикасы.
23. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 25.09.2020 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
24. Маврикий Республикасы.
25. Мавритания Ислам Республикасы.

26. Португалия Республикасы (Мадейра аралдарының аумағы бөлігінде ғана).
27. Мальдив Республикасы.
28. Маршалл аралдары Республикасы.
29. Монако Княздығы.
30. Мальта.
31. Мариан аралдары.
32. Марокко Корольдігі (Танжер қаласы аумағы бөлігінде ғана).
33. Мьянма Одағы Республикасы.
34. Науру Республикасы.

35. Нидерланды Корольдігі (Аруба аралының аумағы және Антиль аралдарының тәуелді аумақтары бөлігінде ғана).

36. Нигерия Федеративтік Республикасы.
37. Жаңа Зеландия (Кук және Ниуэ аралдарының аумақтары бөлігінде ғана).
38. Палау Республикасы.
39. Панама Республикасы.
40. Самоа Тәуелсіз Мемлекеті.
41. Сан-Марино Республикасы.
42. Сейшель аралдары Республикасы.
43. Сент-Винсент және Гренадины.
44. Сент-Китс және Невис Федерациясы.
45. Сент-Люсия.

46. Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі (мынадай аумақтары бөлігінде ғана):

- 1) Ангилья аралдары;
- 2) Бермуд аралдары;
- 3) Британдық Виргин аралдары;
- 4) Гибралтар;
- 5) Кайман аралдары;
- 6) Монтсеррат аралы;
- 7) Теркс және Кайкос аралдары;
- 8) Мэн аралы;
- 9) Норманд аралдары (Гернси, Джерси, Сарк, Олдерни аралдары);
- 10) Оңтүстік Георгия аралы;
- 11) Оңтүстік Сэндвич аралдары;
- 12) Чагос аралы.

47. Америка Құрама Штаттары (мынадай аумақтары бөлігінде ғана):

- 1) Американдық Виргин аралдары;
- 2) Гуам аралы;
- 3) Пуэрто-Рико Достастығы;

4) Вайоминг штаты;
5) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.11.2022 № 1215 (01.12.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

- 48. Суринам Республикасы.
- 49. Біріккен Танзания Республикасы.
- 50. Тонга Корольдігі.
- 51. Тринидад и Тобаго Республикасы.
- 52. Фиджи Егеменді Демократиялық Республикасы.
- 53. Филиппин Республикасы.
- 54. Француз Республикасы (мынадай аумақтары бөлігінде ғана):
 - 1) Кергелен аралдары;
 - 2) Франциялық Полинезия;
 - 3) Франциялық Гвиана.
- 55. Черногория.
- 56. Шри-Ланка Демократиялық Республикасы.
- 57. Ямайка.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 8 ақпандағы
№ 142 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 595 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 10097 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 27 қаңтарда жарияланған);

2. "Салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 595 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 139 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 10462 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 20 наурызда жарияланған);

3. "Салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 595 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы

министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 393 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 11833 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 17 тамызда жарияланған);

4. "Салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттердің тізбесін бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 595 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 5 қыркүйектегі № 480 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 14296 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 24 қазанда жарияланған).